

2026. 13 (3)

Asian Journal

"STEPPE PANORAMA"



ISSN 3135-8055

ISSN 3135-8055 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2026
© Авторлар ұжымы, 2026

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) — тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

Жаркен Айгүл Мәлікқызы — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Мунинов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Болон ғылым академиясының корр. -мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Томохико Уяма — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қайпбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Бурханов Бимурад Бадритдинұлы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ISSN 3135-8055 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о
регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03. 04. 2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история, этнология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Жаркен Айгуль Маликовна — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилёва. (Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

Томохико Уяма — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Бурханов Бимурад Бадритдинович — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 3135-8055 (online)

Founder and publisher: RSE on REM" Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03. 04. 2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2026
© Group of authors, 2026

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal "Steppe Panorama"
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 3135-8055 .
Vol. 13. Is. 3, pp. 677-688, 2026
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03. 20
https://doi.org/10.51943/3135-8055_2026_13_3_677-688

EMIR OF KHOREZM HUSSEIN SUFI IN HIS WORK “TAVARIKH-I GUZIDE-I NUSRAT-NAMEH“

Askar Zhirenov ¹, Ekrem Kalan ²

¹Central Scientific Library, “Gilim Ordasy“ RSEREM
(28 Shevchenko Str., Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan).
PhD student of Al-Farabi Kazakh National University, Chief Researcher
 <https://orcid.org/0000-0003-2914-0659>. E-mail: ulkiekiaksart@gmail.com

²Akdeniz University
(Pınarbaşı Mah. Dumlupınar Boulevard Campus Konyaaltı, Antalya, 07070, Turkey)
Doctor of Historical Sciences (PhD), Professor
 <https://orcid.org/0000-0002-7944-299X>. E-mail: ekremkalan@gmail.com

© Valichanov, IHE, 2026
© Zhirenov A.A., Kalan E., 2026

Abstract. Introduction. This article examines the political processes of the 14th century, particularly the manifestations of political conflicts during the reign of Amir Temir and his contemporaries, the Khorezm rulers Hussein Sufi and Yusuf Sufi, based on source and textual analysis. Written sources created in various historical periods reflect the characteristic features of their eras, necessitating their comparative study in a scholarly context. In this context, the medieval work “Tavarikh-i Guzide-yi Nusrat-nameh,” written in Chagatai, a medieval literary Turkic language widely used by the peoples of Central Asia, is of particular significance. This work is considered a significant source on the history of Kazakhstan. The identification and study of historical works created within the Persian-Turkic written tradition, as well as their comparative analysis, allow us to expand existing scholarly understanding, clarify specific controversial issues, and expand the scope of the research by introducing new data. *Goals and objectives* of this work are the translation, transcription, and textual analysis of information from the section “Temir-Beg’s Dispatch of Jalaluddin as an Ambassador to the Ruler of Khorezm, Husayn Sufi” of this work. *Results.* Using textual and source-study methods, this study clarifies historical information about figures such as Husayn Sufi and identifies the specifics of how political and diplomatic relations are reflected in the analyzed source. *Conclusion.* Thus, the first translation and transcription of the Chagatai fragment into Kazakh offers significant scholarly value for the study of national history. This work contributes to the introduction of this written heritage into scholarly circulation and significantly expands the source base for the history of Kazakhstan.

Keywords: archaeology, kagan, written record, ulus, bek, servant

Acknowledgments. The article was prepared within the framework the program-targeted funding of the the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan: (IRN BR28713777 - “New Sources on the History and Geography of Kazakhstan: Analysis, Translation, and Introduction into Scientific Circulation“)

For citation: Zhirenov A.A., Kalan E. Emir of Khorezm Hussein Sufi in his work "Tavarikh-i guzide-i nusrat-nameh" // Asian Journal "Steppe Panorama". 2026. Vol. 13. No. 3. Pp. 677–688. (In Kaz.). DOI: 10. 51943/3135-8055 _2026_13_3_677–688

«ТАУАРИХИ ГУЗИДЕ-И НУСРАТ НАМЕ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ХОРЕЗМ ӘМІРІ ХУСЕЙН СУФИ

Асқар Асанович Жиренов, Экрем Калан²

¹ҚР ҒЖБМ ҒК «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасы
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты, бас ғылыми қызметкер
 <https://orcid.org/0000-0003-2914-0659>. E-mail: ulkiekiaksart@gmail.com

²Акдениз университеті (Пынарбаши Mah. Dumlupınar бульвары, 07070 Коньяалты кампусы, Анталия, Туркия) тарих ғылымдарының докторы (PhD), профессор
 <https://orcid.org/0000-0002-7944-299X>. E-mail: ekremkalan@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2026
© Жиренов А.А., Калан Э., 2026

Аңдатпа. *Kıpısne.* Мақала XIV ғасырда орын алған, яғни, Хорезм билеушісі Хусейн Суфи, Йусуф Суфи және Темір Бек (Әмір Темір) мен оның замандастары дәуіріндегі саяси шиеленістердің көріністерін деректанулық және мәтінтанулық тұрғыдан қарастыруға бағытталады. Әрбір тарихи кезеңдерде жазылған дереккөздер өзіндік ерекшеліктерімен айқын бейнеленеді. Осы орайда ортағасырлық «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» еңбегі Орта Азияны мекендеген көптеген түркі халықтары ортақ қолданған ортағасырлық әдеби жазба түркі тілі деп аталатын шағатай тілінде жазылған туынды қазақ тарихының дереккөзі ретінде қарастырылатын еңбектерінің бірі. Орта ғасырлардағы парсы-түркі тілінде жазылған тарихи шығармаларды анықтау мен оларды деректанулық тұрғыдан зерттеп салыстыру, бұрынғы ғылыми жетістіктердің мазмұнын байытып, қатысты мәселелерге тұжырым жасау, тақырыпты едәуір тың мәліметтермен кеңейтуге мүмкіндік береді. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Аталмыш «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» кітабының «Темір бектің Жалалуддинді Хорезм (билеушісі) Хусейн Суфиге елші ретінде жіберуі» бөліміндегі мәліметтерге аударма жасап, мәтінтанулық зерттеу жүргізу. *Нәтижелер.* Мақалада мәтінтанулық, деректанулық зерттеулерді қолдану нәтижесінде Хусейн Суфи қатарлы тарихи тұлғалардың тұлғалық болмысын айқындап ашып беру мәселесі басты назарға алынды. Сондай-ақ, жазбаша дереккөзбен жұмыс барысында арабжазулы парсы, түркі шағатай нұсқаларының тарихи мәселелерін көрсетуде салыстырмалы-тарихи, тарихи-жүйелілік әдістер қолданылды. *Қорытынды.* Жинақтай айтқанда, аталмыш шығарманың шағатай тіліндегі үзіндісі алғаш рет қазақ тіліне аударылып, транскрипция жасалуы төл тарихымызды зерттеу үшін маңызға ие. Сонымен қатар осы жұмыс жазба мұраларды ғылыми айналымға енгізіп қана қоймай, қазақ тарихына қатысты деректік базаны байытуға өзіндік үлес қоса алады.

Түйін сөздер: деректану, қаған, жазба жәдігер, ұлыс, бек, нөкер

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Қазақстан тарихы мен географиясы бойынша жаңа дереккөздер: талдау, аудару және ғылыми айналымға енгізу» тақырыбындағы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: BR28713777).

Дәйексөз үшін: Жиренов А.А. Калан Э. «Тауарихи Гузиде-и Нусрат Наме» шығармасындағы Хорезм әмірі Хусейн Суфи // Asian Journal «Steppe Panorama». 2026. Т. 13. № 3. 677–688 бб. (Қаз.). DOI: 10. 51943/3135-8055 _2026_13_3_677–688

ЭМИР ХОРЕЗМА ХУСЕЙН СУФИ В ПРОИЗВЕДЕНИИ «ТАВАРИХИ ГУЗИДЕ-И НУСРАТ НАМЕ»

Жиренов Аскар Асанович¹, Калан Экрем²

¹ Центральная научная библиотека РГП на ПХВ «Ғылым ордасы» КН МНВО РК
(д. 28, ул. Шевченко, Алматы, 050010, Республика Казахстан)
докторант КазНУ им. Аль-Фараби, главный научный сотрудник
 <https://orcid.org/0000-0003-2914-0659>. E-mail: ulkiekiaksart@gmail.com

² Университет Акдениз (Бульвар Думлупынар Пынарбаши Мах, район Коньяалты, Анталья, 07070, Турция)
доктор исторических наук (PhD), профессор
 <https://orcid.org/0000-0002-7944-299X>. E-mail: ekremkalan@gmail.com

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Жиренов А.А., Калан Э., 2026

Аннотация. *Введение.* В статье рассматриваются политические процессы XIV века, в частности проявления политических конфликтов в эпоху Амира Темира и его современников – хорезмских правителей Хусейна Суфи и Юсуфа Суфи, на основе источниковедческого и текстологического анализа. Письменные источники, созданные в различные исторические периоды, отражают характерные особенности своей эпохи, что обуславливает необходимость их сравнительного изучения в научном контексте. *Цель и задачи исследования.* В данном аспекте особое значение имеет средневековое произведение «Таварих-и гузиде-и нусрат-наме», написанное на чагатайском – средневековом литературном тюркском языке, широко использовавшемся народами Центральной Азии. Данный труд рассматривается как один из значимых источников по истории Казахстана. Выявление и исследование исторических сочинений, созданных в рамках персидско-тюркской письменной традиции, а также их сравнительный анализ позволяют дополнить существующие научные представления, уточнить отдельные дискуссионные вопросы и расширить исследуемую проблематику за счёт введения новых данных. Основной целью работы является перевод, транскрипция и текстологический анализ сведений из раздела «Отправка Темир-Бегом Джалалуддина в качестве посла к правителю Хорезма Хусейну Суфи» указанного труда. *Результаты.* В ходе исследования на основе текстологических и источниковедческих методов уточняются исторические сведения о таких деятелях, как Хусейн Суфи, а также выявляются особенности отражения политико-дипломатических отношений в анализируемом источнике. А также в рамках исследования письменных источников для освещения исторических аспектов персидской и тюркской чагатайской версий арабской письменности применялись сравнительно-исторический и историко-систематические методы. *Заключение.* Таким образом, впервые выполненные перевод и транскрипция чагатайского фрагмента на казахский язык представляют значительную научную ценность для изучения отечественной истории. Работа способствует введению письменного наследия в научный оборот и вносит существенный вклад в расширение источниковедческой базы по истории Казахстана.

Ключевые слова: археология, каган, письменность, улус, бек, нукер

Благодарность. Работа выполнена при финансовой поддержке Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в рамках программно-целевого финансирования (ИРН BR28713777 - «Новые источники по истории и географии Казахстана: анализ, перевод и ввод в научный оборот»)

Для цитирования: Жиренов А.А., Калан Э. Эмир Хорезма Хусейн Суфи в произведении «Таварихи гузиде-и нусрат наме» // Asian Journal «Steppe Panorama». 2026. Т. 13. № 3. С. 677–688. (На каз.). DOI: 10.51943/3135-8055_2026_13_3_677–688

Кіріспе

«Тауарихи гузиде-и нусрат наме» деген атпен белгілі еңбек Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары және Әмір Темір кезеңімен жалғасып, Шейбани хан дәуірі және Қазақ хандығының бастапқы кезеңіндегі оқиғаларды суреттейтін түркі-шағатай тіліндегі құнды жазба ескерткіш болып табылады. Мақала аталмыш «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» дереккөзімен қатар, Шараф ад-Дин Али Йаздидің «Зафар наме» атты жәдігерінде келтірілген Жошы ұлысының оңтүстігінде орын тепкен оқиғаларды қарастырады. Соның бірі Темір бектің (Әмір Темір) кезеңін қамтитын Хорезм аймағы үшін болған шайқасты айтуға болады. Тарихтан белгілі болғандай, Шағатай ұлысы XIV ғасырдың орта тұсында өз алдына шашыраған қиранды бөліктердей әртүрлі биліктердің қол астына өтіп жатқан кезең еді. Сол уақытта Хорезм, Кат, Хиуа қалаларын өз қарамағына алған қоңырат тайпасынан шыққан Хусейн Суфи есімді басшы басқарып отырған болатын. Осыған байланысты Әмір Темірдің оған қойған Жасақ заңнамасы аясындағы талабы ауыр тиген еді. Нәтижесінде екі жақтан қантөгіс болмауы үшін Әмір Темір тарапынан діндар көсем тұлға саналатын елші жіберіліп, ортақ келісімге келе алмағаны жайлы баяндалады. Аталмыш дереккөздер оқиғалардың баяндалу тұрғысынан ерекшеленетінін аңғаруға болады. Атап айтқанда, Ортағасырлық Қазақстан тарихына қатысты жазбаша парсы, түркі тілдеріндегі араб графикалық дереккөздерді сипаттап баяндау шамамен келесі қағидаттар бойынша жіктеуге болатын іспетті: біріншісі сол кезеңдегі әлеуметтік тұрғыдан, екіншісі тілтанымдық жағынан, үшіншісі аймақтық орналасу тұрғысынан. Ортағасырлық деректерді жіктеген кезде көптеген ғалымдар әлеуметтік қағиданы басшылыққа алатын секілді. Дейтұрғанмен, зерттеулерді аймақтық орналасу немесе аумақтық қағидаттарға негіздеу де маңызды. Бұл дереккөздің шығу тегін және қарастырылып отырған құжатта берілген аймақтың сипаттамалары мен табиғи қасиеттерінің көрінісін ескеруді білдірсе керек.

Материалдар мен әдіс-тәсілдері

Мақаланың негізгі зерттеу нысаны ретінде анонимдік «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» еңбегіндегі «Темір бектің Жалалуддинді Хорезм (билеушісі) Хусейн Суфиге елші ретінде жіберуі» атауымен берілген тармағы қарастырылады. Зерттеу нысаны ретінде қарастырып отырған еңбек түпнұсқасы XVI ғасырда түркі шағатай тілінде жазылған. Ортағасырлық дереккөздердің қай-қайсысы болмасын деректегі оқиғаны баяндауда дербес, өз алдына толыққанды ашып бере алмауы кездесіп жататын табиғи құбылыс. Осы орайда Шараф ад-Дин Али Йаздидің «Зафар наме» атты жәдігері зерттеу нысанымызға қолғабыс тигізуі салыстырмалы әдіс-тәсілінің бірден-бір көрінісі деуге болады. Аталмыш қос дереккөзбен бірге Б.И. Вайнбергтің «К истории Кунградских суфи» атты еңбегі де ізденіс жұмысын ауқымды қарастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысы тікелей «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» еңбегінің түпнұсқасына қатысты болғандықтан мақала қолжазба тарихын зерттеу, қолжазбатану және герменевтика әдіс-тәсілдеріне де жүгінеді. Мәтінді түсіндіру герменевтика әдісі және ортағасырлық жазбалардың сөздіктері («Фарханг чағатайи фариси», Б.В. Миллердің «Парсы-орыс тілі сөздігі» т.б.) бойынша атқарылды. Аталмыш анонимдік «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» қолжазба еңбегіне байланысты, «Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских сочинений)» атауымен жинақ ретінде жарық көрген еңбекте «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» туралы төмендегідей сипаттама келтірілген: «Еңбектің екі нұсқасы бар, олардың бірі КСРО ҒА АХИ ЛБ-да сақталған, екіншісі Британ музейінде сақталған. Одан әрі қарай: «Бізге дейін жеткен екі қолжазба да ақаулы сипатта, беттері үзілген қолжазбадан көшірілген көрінеді. Екі нұсқа да бөлек тараулар жоқ. Жалпы алғанда, Лондон нұсқасы Ленинград нұсқасына (Санкт-Петербург нұсқасы) қарағанда толықтау. «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» екі негізгі нұсқасынан басқа, еңбектің бірнеше қысқартылған нұсқалары бүгінгі күнге дейін сақталған, оларда Мұхаммед Шайбани хан қайтыс болған күнге дейінгі оқиғаларды баяндайтын қысқаша толықтырулар бар» деген пікірлерді кездестіруге болады (Материалы, 1969: 9–14). Дереккөздің № 3222 нөмірімен Британ музейінде, ал, № В-745 нөмірімен Санкт-Петербург нұсқасын А.М. Акрамов

өз еңбегінде көрсетеді (Акрамов, 1965). Қолжазбаның Лондон нұсқасының көшірмелеріне қатысты Ч. Рье еңбектерінде Британ музейіндегі түркі қолжазбалары туралы каталогта аз көлемде жарық көргені айтылады (Ch. Rieu, 1888). Аталмыш бағытта тарихи жазба деректердің құндылығын, деректік маңызын аша түсу үшін объективтілік пен тарихилық қағидаттары басшылыққа алынады. Көтерілген шынайы тарихи мәселені нақты көрсетуде тарихи-жүйелілік әдістер қолданылды.

Талқылау

«Тауарихи гузиде-и нусрат наме» шығармасының Британдық нұсқасында «Темір бектің Жалалуддинді Хорезм (билеушісі) Хусейн Суфиге елші ретінде жіберуі» атауымен берілген бөлімінде Арал теңізінің оңтүстігінде Жәйхун өзенін жағалай орналасқан Хорезм уәлайатында (аймағы) орын тепкен саяси кезенді баяндайды. Тарихтан мәлім болғандай, Сейхун (Сырдария) өзені мен Жәйхун (Амудария) өзендері жағалауы Жошы ұлысы мен Шағатай ұлыстарының иеліктеріндегі аймақ екені белгілі. Алтын Орданың (Жошы ұлысы) оң қанат және сол қанат болып екіге бөлінуімен өз алдына дербес хандық, әмірлік құруға талпыныс көрініс тапқан кезең басталады. Шағатай ұлысында 1346 жылы Қазан ханның Әмір Қазаған тарапынан өлтірілуімен мемлекеттегі орталық билік толық дерлік жойылады. Нәтижесінде Шығыс бөлігінде Моғолстан пайда болды. Мұнда Тұғлық Темір хан (1347–1363) жаңа мемлекет — Моғолстанды құрады. Батыс бөлігінде (Мауераннахр аймағы) әртүрлі иеліктер қалыптасады. Мұнда жергілікті әмірлер мен бектер аймақтарды бөліп билеуге әрекет етіп жатты. Осы жағдайды пайдаланып Жәйхун өзенінің Арал теңізі маңындағы аймақты (Кат, Хиуа, Хорезм, Хиуа елдімекендері) қоңырат тайпасынан шыққан Йанғұтай² деген кісінің ұлы Хусейн Суфи атты бек өз қарамағына алған кез болатын. Шараф ад-Дин Али Йаздидің парсы тіліндегі «Зафар наме» атты еңбегі бұл кісі туралы осы аталған сипаттама шеңберінде шектелген.

Б.И. Вайнбергтің «К истории Кунгратских суфи» атты еңбегінде осы кезеңдегі көрініске байланысты: «1360 жылдардың басындағы тәртіпсіздіктер нәтижесінде Алтын Орда әлсіреген уақытта, Хорезм (аймағы) саяси тұрғыдан оқшауланып, тәуелсіз «Қоңырат сопылары» әулетін құрады. Бұл әулеттің ең алғашқы белгілі монетасы хижра жылсанағы бойынша 762 жылы (1361 жыл) соғылған. В.В. Бартольд хандардың немесе билеушілердің есімдерін монеталарға діни үлгілер арқылы жасалғанын әрі көп жағдайда «Билік ету (үкімі тек) Құдайға тән» қағидасымен ауыстыру арқылы Қоңырат сопыларында «теократиялық идея және дінсіз мемлекеттілікке деген теріс көзқарас» болғанын атап өтеді. Хорезмдегі Қоңырат сопылары әулетінің алғашқы билеушісі Хусейн Сопы болды (хижра бойынша 773–1372 жыл), кейін келе оның орнына ағасы Юсуф Сопы келеді. Дереккөздерде тағы бір Ақ Сопы есімді ағасының аты кездеседі, ол Хорезмде билік құрмаған секілді. Олардың әкесі Алтын Ордадағы ықпалды тұлға Әмір Нангундай болғаны (Бангундай, Янгундай – бұл атаудың әртүрлі жазылуы дереккөздерде кездеседі), және ол туралы мәлімет өте аз. Анонимді «Ескендір³» еңбегінде Қоңырат тайпасының әмірі Нангундай туралы айтылып, онда Бердібек қайтыс болғаннан кейін (1359 жыл), орын алған ішкі алауыздық себебінен бірнеше бетке ұстар әмірлердің өлім құшқандары және Нангундайда солардың ішінде болғандығы айтылады. Сондай-ақ, «өзбек елдерінде Әмір Нангундай тұлғасының ұлықтығы кеңінен танымал» делінген. Әмір Нангундайдың әулеті Өзбек ханмен әулеттік құдалық қарым-қатынаста болған, яғни Нангундайдың ұлы Ақ Суфи Өзбек ханның қызы Шакарбекті әйелдікке алған. Шыңғыс әулетімен қарым-қатынаста болу, бүкіл Моңғол империясында жоғары бағаланған. Билікті басып алған билеушілер ханның қыздарына үйленіп, гурган (ханның күйеу баласы) атағын алуға тырысқан. Әмір Темірдің өзі және оның көптеген ұрпақтары осы атаққа ие болған, – деп айтылған жолдарды кездестіруге болады (Вайнберг, 1960: 105).

² Басқа деректер бойынша Танқұтай, Нанқұтай

³ Аталмыш «Белгісіз Искандер» еңбегі Муин ад-Дин Натанзидің «Мунтахаб ат-таварих-и Муини» атты шығармасы екені уақыт өте анықталды.

Түркі-шағатай тіліндегі «Тауарихи гузиде-и нусрат наме» еңбегінде бұл туралы мынадай мәліметтер бар:

(Мәтіннің таңбалануы)

- 1/ می تیمور بیک مولانا جلال الدین نی خوارز
- 2/ غه حسین صوفی غه بیار کانی
- 3/ سببی اول کیم تخت بیلکالی آلتی بیل بولدی کات و خیوه و خوارزم نیک
- 4/ بولغان مالین الیب تورورسین ایدمی منکا باقعیل دیب ایتغاندا حسین صوفی
- 5/ مولانا جلال الدین غه ایتیپ تورور کیم بیک سوزی برلا قویماس مین و انکا
- 6/ کیرماس مین بو ولایت نی قلیچ اوروب مسخر قیلیپ تورورمین هر کیم کا و
- ایدی ایرسا ارادا ایل و رعیت خراب 7/ ولایت کرک بولسه قلیچ اورسون دیدی ایرسا کلیپ تیمور بیک
- 8/ بولور بوزولور دیب اون اوج
- 9/ کون قیغو ییب مولانا جلال الدین نی ینه بیاردی ایرسا حسین صوفی
- 10/ قبول ایتمای مولانا جلال الدین نی توتتوردی ایرسا بو خبر یتگاج تیمور
- 11/ بیک جریکین یغیب اورکنج کا یوریدی تقی سه پایه دیکانکا یتدی
- 12/ ایرسا ایلکاری بیارکان کشی لار یاغی نیک قراولین تو توب کلدی
- 13/ لار تیمور بیک الارنیک خبرین سوروب بلیب الارنی اولتوردی

(Tavārīkh-i, 1502/03: f. 36v)

- 14/ صوفی دین تیلا دی ایرسا برایم دیب قبول قیلدی بلکولوک قیلیپ سمرقند کلکاندا
- 15/ کیخسروییک کیم فتنه باشلاب حسین صوفی غه یرا شماغیل دیب خبر بیاریب ایر
- 16/ دی انی سمرقند غه بیاریب ایردی ینه اوزکا کنه لار انیک بوینو غه قویوب
- 17/ تیمور بیک یراق غه تیکوردی تقی جریکین تارقاتدی
- 18/ تیمور بیک یوسف صوفی دین.... برماک بولوب
- 19/ ینه برماکاندا بیک جریکلاب پروکا ندا ینه برماک بولغانی
- 20/ تیمور بیک جهانگیر میرزا نیک قالین لیغین تلای یوسف صوفی غه کشی بیارکاندا
- 21/ یوسف صوفی قزنی برمای شرط و عهدین بوزوب تورور تیمور بیک ینه
- 22/ جریکلاب یوروکان خبرین بلیب ینه برایم دیکاندا بولار باریب کات
- 23/ و خیوه نی جاییب بوزوب تورور لار تاریخ یتی یوز یتیش بیش دا اوی یلی
- 24/ ایردی کلیپ کیش و قرشیدا ماورا النهر جریکین یغدی تقی بو یغین برلا
- 25/ خوارزم غه یتدی ایرسا یوسف صوفی امان تلاب قز برماک بولدی بیک یانیب کیتدی
- 26/ تیمور بیک یادکار برلاس برلا داود بیک اولجایتونی قیز کلنور غه بیارکانی
- 27/ بو اتلاری بتیلکان بیک لار قز کلنورماک یراغی غه باردی لارا یرسا خوارزمی
- 28/ غه تیدی لار قودالار ایکی طرف دین تکلیف لار برکلیپ کوروشوب طویلار
- 29/ قلیپ نجه کون عشرت لار قیلدی لار یوسف صوفی شهر غه آیین لار باغلاب
- 30/ خان زاده غه کوب اغا خاتون لار قوشوب اوزی اوزاتدی تقی برلاس
- 31/ با شلغ بیک ملازم لاری خان زاده نی کلنورا تورور میز دیب بیک کا
- 32/ کیشی بیاردی اول کشی خبر کلنور کاندا التون کموش دین انکا سا وینجی بیردی

(Tavārīkh-i, 1502/03: f. 37 r)



1 – cypet. Tavārīkh-i Guzīdah-yi Nuṣrat-nāmāh (manuscript). 1502/03: f. 36v, 37r.

Figure 1. Tawārīh-i Guzīdah-yi Nuṣrat-nāmāh (manuscript). 1502/03: F. 36B, 37r.

(Tavārīkh-i, 1502/03: f. 36v) бетінің мәтін аудармасы:

Темір бектің Маулана Жалалуддинді Хорезм (билеушісі) Хусейн Суфиге (елші ретінде) жіберуі

(Темір бек:) Сен алты жыл болды Кат, Хиуа, Хорезм (ұлысының) мал дүниесін алып отырсың. Енді маған бағын! – деп айтқан сөзін Маулана Жалаледдин арқылы Хусейн Суфиге жөнелтеді. Ол: «Мен Бектің бұл сөзін жай қоя салмаспын. Бұл жерді мен қылыш күшімен жаулап алғанмын. Ал, кімге уәлайат (аймақ) жер керек болса, күшпен алсын!» – деп жауап береді. Темір бек: екі ортада ел, халық (бекерге) қырылады ғой – деп он үш күн бойы уайым шегіп, ойға шомады. Соңыра Маулана Жалаледдинді тағы да қосымша жібереді. Алайда, Хусейн Суфи сөзді қабыл етпей елшіні тұтқындайды. Бұл хабарды естіген Темір бек әскер жинап Үргенішке аттанады. Сепойе⁴ деген жерге жеткен уақытта, аттанған жасақтар дұшпан әскерінің қарауыл (барлау) тобын қолға түсіріп Темір бектің алдына алып келеді. Темір бек жаудың жағдайын сұрап білген соң, тұтқындарды өлтіреді.

Шараф ад-Дин Али Йазидидің «Зафар наме» атты еңбегі бұл тұсты төмендегідей сипаттайды:

